
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 1 - 8

**6B02195 Өнертану /«Өнертану», «Театртану», «Кинотану» және
«Кинотеледраматургия»/ білім беру бағдарламасы
бойынша талапкерлерге арналған
Республикалық «ТОПЖАРҒАН» конкурсы туралы
ЕРЕЖЕ**

Алматы, 2025 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025 15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 2 - 8

«БЕКІТЕМІН»

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры


Ергөбек Ш.Қ.

« 15 » 01 2025 ж.

6B02195 Өнертану /«Өнертану», «Театртану», «Кинотану» және «Кинотеледраматургия»/ білім беру бағдарламалары бойынша талапкерлерге арналған Республикалық «ТОПЖАРҒАН» конкурсы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Талапкерлерге арналған аталмыш конкурстың бас ұйымдастырушысы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Өнертану» факультеті.
 - 1.2. Конкурс «Өнертану», «Театртану», «Кинотеледраматургия» және «Кинотану» білім беру бағдарламасы бойынша өткізіледі.
 - 1.3. Конкурсқа Қазақстан Республикасы бойынша 2025 жылы оқуын аяқтайтын мектеп оқушылары (11 сынып), колледждің соңғы курс білім алушылары қатыса алады.
 - 1.4. Конкурсқа қатысу үшін үміткер (1-қосымшада) көрсетілген өтінім парағын және өтінішті толтырып, астына қолын қойып, onertany@mail.ru электронды почтасына жіберуі керек (2-қосымша).
 - 1.5. Конкурс оффлайн форматта Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында өтеді.
 - 1.6. Конкурсқа қатысушылардың жол, жатын орын және тәуліктік шығындар жіберуші жақ есебінен төленеді.
 - 1.7. I орын алған конкурс лауреаттары Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 6B02195 «Өнертану» білім беру бағдарламасы («Өнертану», «Театртану», «Кинотану», «Кинотеледраматургия») бойынша 2025-2026 оқу жылындағы талапкерлерге арналған қабылдау емтиханынан ең жоғарғы 100 балл (I шығармашылық емтихан эссе түрінде (жазбаша) – 50 балл, II шығармашылық емтихан ауызша (сұрақтарға жауап) – 50 балл) қойылады.
- Ескерту:** 2025 жылғы ҰБТ сертификаты (шектік балл жинаған) мен 2 шығармашылық емтихан нәтижесі бойынша білім беру тапсырысының

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 3 - 8

конкурсына қатыса алады. Талапкер қабылдау комиссиясына тиісті құжаттарды өткізуге міндетті.

2. Конкурстың мақсаты

- 2.1. Жазушылық-сыншылық қабілеті бар дарынды жастарды анықтау;
- 2.2. «Өнертану» / «Өнертану», «Театртану», «Кинотеледраматургия» және «Кинотану»/ білім беру бағдарламасы бойынша қызығушылығы бар талапкерлерге академияға оқуға түсу барысындағы талаптарды таныстыру;
- 2.3. Дарынды жастардың шығармашылығын дамытуға ықпал ету;

3. Ұйымдастыру комитеті

3.1. Ұйымдастыру комитеті:

1. Жаксылыкова Меруерт Болатканқызы
2. Жанболат Әлімақын
3. Джумабеков Ержан Фазылович
4. Кенжебаева Ләйлә Абдығаниқызы
5. Әлкеева Бейбіт Азамбекқызы


Ұйымдастыру комитетінің міндеті:

- Конкурстың өтуіне жауапты қатысушы үміткерлерге арнайы чат ашып, ережемен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;
- Конкурс қатысушыларының өтініштерін жинау, талапкерлердің барлық сұрақтарына жауап беруге құқылы.
- Пochтаға келген өтінім құжаттарға ұйымдастырушылар тарапынан кері байланыс жасауға;
- Ұйымдастыру комитеті ұйымдастыру жұмыстары мен жүргізудің негізгі әдістерін әзірлеуге, дипломдарға арналған шаблондарды дайындауға, қазылар алқасын «Қазылар алқасының құрамын бекіту туралы» ректордың бұйрығымен таныстыруға, академияның ресми сайтына және факультеттің әлеуметтік желілеріне (Instagram, Facebook) ақпараттық хаттарды жариялауға, конкурс бойынша түскен қоңыраулар мен хаттарға уақтылы жауап беруге, конкурс қатысушыларына ақпараттық хаттарды жіберуге, конкурс ережелерімен таныстыруға толтыруға міндетті.
- Ережеде көрсетілген конкурсқа қатысу шарттары мен талаптарына сәйкес конкурстың өтуін қадағалап, туындайтын мәселелерді шешуге міндетті.

Ұйымдастыру комитетінің құқығы:

- Ережеге сәйкес қатысушының құжаттары толық болмаған, өтінім дұрыс толтырылмаған жағдайда конкурсқа қатыстырмауға;

3.2. Қазылар алқасының төрағасы:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025 15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 4 - 8

«Өнертану» бейіні бойынша:

1. Еспенова Айгерім Турсыновна

«Театртану» бейіні бойынша:

1. Еркебай Анар Саимжанқызы

«Кинотану» және «Кинотеледраматургия» бейіндері бойынша:

1. Нөгербек Баубек Бауыржанұлы

Қазылар алқасының мүшелері:

«Өнертану» бейіні бойынша:

1. Ыдырыс Зухра Асылбекқызы

2. Қарабалаева Балнур Рахымбайқызы

«Театртану» бейіні бойынша:

1. Исламбаева Зухра Усманбекқызы

2. Тұрмағанбет Жансая Ерлікқызы

«Кинотану» бейіні бойынша:

1. Айдар Алма Мұратқызы

2. Көпбаева Гүлім

«Кинотеледраматургия» бейіндері бойынша:

1. Борибаева Динара Даулетовна

2. Мурат Холганат

Қазылар алқасының міндеті:

- Қазылар алқасы әр қатысушыны тыңдап, бағалау критерийлеріне сәйкес бағалауға;

- Конкурс хаттамасына төраға мен барлық қатысқан қазылар алқасының мүшелері қол қоюға міндетті.

Қазылар алқасының құқығы:

- Конкурс қорытындысын еркін түрде хаттамамен рәсімдеуге;

- Конкурс барысында тәртіпсіздік танытқан немесе дайындықсыз келген үміткерлердің өнерін қарастырмауға құқылы;

Хатшы:

Джумабеков Ержан Фазылович

Хатшының міндеті:

- Конкурс қорытындысы бойынша хаттама толтыруға;


- Конкурс нәтижесі туралы ақпаратты әзірлеп, ұйымдастыру комитетіне ұсынуға міндетті.

4. Конкурса қатысу шарттары

4.1. Конкурс екі турдан (жазбаша және ауызша) тұрады.

4.2. Конкурса қатысушы үміткерлерге жазбаша жұмыс жазу үшін 3 сағат уақыт беріледі.

4.3. Жазбаша жұмыстың көлемі компьютерге терілген 2-3 беттен аспауы тиіс.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 5 - 8

4.4. Конкурса қатысқан жазбаша жұмыстар академияның StrikePlagiarism.com жүйесінде антиплагиатқа тексеріледі.


4.4. Конкурстың ауызша турында қатысушы академия сайтында алдын ала жарияланған сұрақтардан құрастырылған билеттерге жауап береді. Сұраққа даярлануға 5-7 минут беріледі. Қатысушының бейнелеу өнері, кино өнері, театр, музыка, әдебиет салаларынан жалпы білім деңгейі айқындалады.

4.5. Конкурса қатысушы талапкердің шығармашылық жұмысын қазылар алқасы төменде көрсетілген бағалау жүйесіне сәйкес қорытындылайды.

4.4. Үміткердің шығармашылық жұмысына берілген қазылар алқасының бағасы қайта қарастырылмайды.

Шығармашылық жұмыстарды бағалаудың критерийлері:

Балл	Дәстүрлі баға	Критерий
50-45	Өте жақсы (5)	конкурса қойылған тиісті талаптардың барлығы аса жоғары деңгейде орындалған, берілген тапсырма көлемінде автордың тақырыптық мазмұн тереңдігі айқындалған, талдауында негізгі ойы нақты мысалдармен дәлелденгендігін көрсететін, ой жүйелілігін әдеби көркем тілмен жеткізе білген, плагиат анықталмаған жазбаша (эссе) жұмысқа және өзіндік пікірі қалыптасқан, ерекше ойлау жүйесін көрсете білген ауызша жауапқа қойылады.
44-40	Өте жақсы (5-)	конкурса қойылған талаптардың барлығы жоғары деңгейде орындалған, жазбаша жұмысты (эссе) орындауда шығарманың өзекті ойы мен тақырыбын дұрыс анықтауға деген талпынысы байқалған, плагиат анықталмаған және шығарманың негізгі идеясын ашып көрсетуде жоғары ойлау жүйесін аңғартқан ауызша жауапқа қойылады.
39-35	Жақсы (4+)	конкурса қойылған талаптардың барлығы жақсы деңгейде орындалған, жазбаша жұмысқа қойылатын талаптардағы талдаудың кейбір тұстары тыс қалып жатқан, плагиат анықталмаған жазбаша (эссе) жұмысқа және сөз саптау мәнері айтарлықтай жоғары деңгейде болмаса да, нақты талдауға талпыныс байқатқан ауызша жауапқа қойылады.
34-30	Жақсы (4)	конкурса қойылған талаптардың басым көпшілігі жақсы деңгейде орындалған, шығарманы талдау барысында тіл байлығы, сөйлем құрауы, өз ойын

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҰРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
Ереже нормативтік құжат түрі		Бет 6 - 8

		жеткізуі жағынан емтиханның талаптарына сәйкес келмей жатқан, плагиат анықталмаған жазбаша (эссе) жұмысқа және кейбір сұрақтардың жауабы толық ашылмаған ауызша жауаптарға қойылады.
29-25	Жақсы (4-)	конкурсқа қойылған талаптардың тең жартысы жақсы деңгейде орындалған, шығарманы талдау барысында өзіндік тұжырымдары байқалмаған, аздаған плагиат көрсеткіші анықталған жазбаша (эссе) жұмысқа және сұрақтардың жауабы толық ашылмаған ауызша жауапқа қойылады.
24-20	Қанағаттанарлық (3+)	конкурсқа қойылған талаптардың басым көпшілігі орта деңгейде орындалған, ауызша қойылған сұрақтарға толық жауап бергенімен жазбаша (эссе) жұмысты орындауда ойдың шашыраңқылығы, нақты тұжырымның жоқтығы байқалған және плагиат көрсеткіші орта мөлшерде шыққан жұмысқа қойылады.
19-16	Қанағаттанарлық (3)	конкурсқа қойылған талаптар толық орындалмаған, орташа деңгейдегі ауызша жауаптарға және бірізділік пен нақты тұжырымдар байқалмаған, плагиат көрсеткіші жоғары шыққан жазбаша (эссе) жұмысқа қойылады.
15-10	Қанағаттанарлық (3-)	конкурсқа қойылған талаптар толық орындалмаған, сұрақтарға нақты жауап бере алмаған қанағаттанарлық деңгейдегі ауызша жауапқа және орташа деңгейде жазылған, плагиат деңгейі жоғары шығармашылық (эссе) жұмысқа қойылады.
0-9	Қанағаттанарлықсыз (2)	Конкурсқа қойылған талаптар мүлдем орындалмаған, сұрақтарға жауап бере алмаған ауызша жауапқа және төмен деңгейде жазылған, плагиат көрсеткіші өте жоғары шығармашылық (эссе) жұмысқа қойылады.


5. Өткізу мерзімі

5.1. Конкурсты өткізу мерзімі:

03 сәуір, 2025 жыл.

5.2. Қатысушылардың өтінімі 2025 жылдың 01 наурыз – 01 сәуір аралығында қабылданады.

5.3. Мерзімінен кеш жіберілген өтінімдер қарастырылмайды.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025 15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 7 - 8

5.4. **Өтетін орны:** Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Өнертану» факультеті, 64, 71, 72, 87 аудиториялар. Басталуы сағат 10.00.

6. Қорытындыны жариялау

6.1. Қазылар алқасы үміткердің шығармашылық жұмыстарын арнайы бағалау жүйесіне сәйкес қорытындылайды.









6.2. Конкурс қорытындысы бойынша арнайы хаттама толтырылады.

6.3. Конкурс нәтижесі 3 жұмыс күні ішінде белгілі болып, қатысушыларға хабарланады және академияның ресми сайтына ілінеді.

6.4. Қазылар алқасы келесі номинациялар бойынша марапаттайды:

- Өнертану (1, 2, 3 орын)
- Театртану (1, 2, 3 орын)
- Кинотану (1, 2, 3 орын)
- Кинотеледраматургия (1, 2, 3 орын)

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірлеген		
Өнертану факультетінің деканы		Жаксылыкова М.Б.
Келісілді		
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы		Маткерим Д.А.
Мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы		Токеева А.Д.
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.
Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.
«Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі		Еркебай А.С.
«Киноның тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі		Нөгербек Б.Б.
«Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі		Еспенова А.Т.

Қатысушы туралы мәлімет:

1	Қатысушының толық аты-жөні:	
2	Туған күні, айы, жылы:	
3	Оқу орны/ түлегі:	
4	Мамандығы/курс:	
5	Тілдерді білуі:	
Байланыс:		
5	Тұрғылықты мекен-жайы:	
6	Телефон номері:	
7	Электронды адрес:	
8	Жауапты тұлға:	

Өтініш үлгісі:

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің
ректоры А.А. Жудебаевқа

Өтініш

Мені, (Тегі, аты, жөні) _____ 2025-2026 оқу жылындағы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Өнертану», «Театртану», «Кинотану» және «Кинотеледраматургия» білім беру бағдарламалары бойынша талапкерлерге арналған Республикалық «ТОПЖАРҒАН» конкурсына қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қатысушы аты-жөні.

Қолы.

Күні.